

## **"Ақ қауырсын" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 8 қыркүйек N 844. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.14. N 259 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және асыл тұқымды құс шаруашылығы жүйесін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Құсшаруашылығы" өндірістік бірлестігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде қосымшаға сәйкес "Ақ қауырсын" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания) құрылсын.

2. "Ақ қауырсын" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Құсөнеркәсібі" өндірістік бірлестігінің мүлкітік құқы мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға оның құрамына кіретін, бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерінің белгіленген бөлігін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін қайта құруды жүзеге асыру тапсырылсын. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлендірген жағдайда құрылатын акционерлік қоғамдардың, белгіленген тәртіппен сатылатын акциялар пакетінен басқа, мемлекеттік акциялар пакетін Компанияға иеленуге, пайдалануға және басқаруға берсін.

5. Компания Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісе отырып селекциялық-асылдандыру жұмысының барынша зор тиімділігіне қол жеткізу және өнеркәсіптік құс шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асырады,

Компанияның құрамына кіретін кәсіпорындарды жаңғырту үшін шет ел инвестицияларын тарту мен пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, өндірістік қызметті жүзеге асыру барысында қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды

әзірлеп, жүзеге асыруға қатысады деп белгіленсін.

6. "Ақ қауырсын" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары мен өз Жарғысы негізінде іс-әрекет етеді және республика агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 8 қыркүйектегі

N 844 қаулысына

Қосымша

"Ақ қауырсын" мемлекеттік акционерлік компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың

Тізбесі

Ақмола облысы

Құс шаруашылығы жөніндегі ССРО-ның 60 жылдығы атындағы Вишнев өндірістік бірлестігі:

"Ижевск" құс совхозы

"Юбилейный" құс заводы

Октябрь асыл тұқымды құс репродукторы

Құс шаруашылығы жөніндегі Целиноград өндірістік бірлестігі:

Целиноград құс фабрикасы

Ақмола құс фабрикасы

Малинов құс фабрикасы

Целиноград асыл тұқымды құс совхозы (репродуктор)

Ақтөбе облысы

"Ақтөбе" құс фабрикасы

"Алға" құс совхозы

Алматы облысы

Қаскелең асыл тұқымды құс совхозы

Жұмыртқа шығаратын құс шаруашылығы жөніндегі Абай өндірістік бірлестігі:

Абай құс совхозы

"Чапаев" құс совхозы

Жұмыртқа шығаратын құс шаруашылығы жөніндегі Ават өндірістік бірлестігі:

Ават құс фабрикасы

Ават асыл тұқымды құс репродукторы

Ет беретін құс шаруашылығы жөніндегі Алматы өндірістік бірлестігі:

Алматы құс фабрикасы

Алексеев асыл тұқымды құс репродукторы

Жалқамыс құс фабрикасы

"Степная" құс фабрикасы

Семиречье асыл тұқымды құс заводы

Атырау облысы

"Атырау" құс фабрикасы

Шығыс Қазақстан облысы

Құс шаруашылығы жөніндегі Шығыс Қазақстан өндірістік бірлестігі:

Черемшан құс фабрикасы

Предгорненский құс совхозы (репродуктор)

"Комсомол" құс фабрикасы

"Өскемен" құс фабрикасы

Жамбыл облысы

Құс шаруашылығы жөніндегі Жамбыл агроөнеркәсіптік фирмасы:

Жамбыл құс фабрикасы

Мырзатай үндік шаруашылығы жөніндегі құс фабрикасы

Жылжымалы механикаландырылған колонна-12

Жезқазған облысы

"Бидайық" бірлескен кәсіпорны

Батыс Қазақстан облысы

Құс шаруашылығы жөніндегі Орал өндірістік бірлестігі:

Орал құс фабрикасы

## Орал асыл тұқымды құс совхозы (репродуктор)

### Қарағанды облысы

Жұмыртқа шығаратын құс шаруашылығы жөніндегі "Майқұдық"  
өндірістік бірлестігі:

"Алатау" акционерлік қоғамы

"Ботақара" акционерлік қоғамы

"Балапан" акционерлік қоғамы

"Бройлер" акционерлік қоғамы

"Құрма" акционерлік қоғамы

"Медеу" акционерлік қоғамы

"Петровка" акционерлік қоғамы

"Покорное" акционерлік қоғамы

### Қызылорда облысы

Қызылорда құс фабрикасы

### Көкшетау облысы

Құс шаруашылығы жөніндегі Көкшетау өндірістік бірлестігі:

Щучье құс фабрикасы

Көкшетау құс фабрикасы

"Правда" газеті атындағы құс фабрикасы

Щучье үндік шаруашылығы жөніндегі құс фабрикасы

### Қостанай облысы

Құс шаруашылығы жөніндегі Қостанай агроөнеркәсіптік фирмасы:

Қостанай құс фабрикасы

Таранов құс совхозы

"Қостанай" мемлекеттік асыл тұқымды құс заводы

"Комсомол" құс фабрикасы

"Приаят" құс фабрикасы

### Маңғыстау облысы

"Ақтау" құс фабрикасы

### Солтүстік Қазақстан облысы

"Север" агрофирмасы:

Петропавл құс фабрикасы

"Северная" құс фабрикасы

Бескөл құс фабрикасы

"Маяк" совхозы

Семей облысы

"Ертіс" акционерлік қоғамы

"Семқұс" акционерлік қоғамы

Павлодар облысы

"Ермак" агрофирмасы

Ермак құс фабрикасы

"Авангард" құс совхозы

Павлодар құс фабрикасы

Шарбақты құс фабрикасы

Талдықорған облысы

Талдықорған құс фабрикасы

Жағатал асыл тұқымды құс репродукторы

Торғай облысы

Арқалық құс фабрикасы

Оңтүстік Қазақстан облысы

"Шымкентқұсөнеркәсібі" корпорациясы:

"Қызылжар" құс фабрикасы

"Түркістан" құс фабрикасы

"Қайнар" құс фабрикасы

"Жабағылы" құс фабрикасы

"Мерей" құс фабрикасы

Құс аурулары жөніндегі Республикалық мамандандырылған ветеринарлық лабораториясы